

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау
қаласы бойынша білім бөлімінің
«Нұртас Оңдасынов атындағы
№ 5 жалпы білім беретін мектеп» КММ**

**ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ
ДЕРЕКТЕРІ МЕН ТАРИХНАМАСЫ**
КАСАБЕКОВА КУЛШАХАН КУАНОВНА
Тарих пәні мұғалімі

КІРІСПЕ

Қазақстан тарихы бойынша жаңа бағдарламаларды талдай отырып, тарихты оқытудың білім беру-тәрбиелік міндеттері қалай анықталғанын анықтау керек, сол сияқты Қазақстан тарихы мектеп курстарының біреуінің білім беру-тәрбиелік мәні құрылымын анықтау керек, ежелден жаңа ғасырға дейінгі тарих бағдарламаларда көрсетілгендей тыңдаушылардың өзіндік жұмыс біліктері мен дағдыларын дамыту қажет. Қарастыру аймағында шығармашылық әлеуетін дамыту, оқытудағы жеке тұғыр, ішкі тепе-теңдікке ықпал ететін қосымша элементтерді оқу ақпараты мазмұнына қосу, негізгі оқу ақпаратын іріктеу, тақырыптық бөлімдер, дидактикалық кірістер мен шешімдер, сол сияқты дүниежүзілік- тарихи үдеріс контексіндегі тарихтың оқылатын оқиғаларын терең ойлау, білімдерді тереңдете ықпал ететін кіріспе және қорытынды жалпылама сипаттамалары болу керек.

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ МЕН ТАРИХНАМАСЫ

Түркілердің (көне грек ғұламаларының жазбаларында – скифтердің) Еуропаның ең көне өркениеті деп жүрген гректерден өркениеті ерте дамығанына, түркілер гректерге өркениетті үйретуші болғанына көне грек ғұламаларының жазбалары да дәлел.

Көне грек ғұламаларының деректері бойынша скифтерден гректердің арасында болған екі-ақ адам туралы тарихта мәлімет бар. Олардың біріншісі – Тоқсары.

«Тоқсары Скифияға қайтып оралмаған, ол Афинада қайтыс болды, кейіннен ұлттық қаһарман ретінде танылды. Элладалықтар оған жат елден келген Балгер әулие ретінде жыл сайын құрбандық шалады» деп жазып кетіпті грек ғұламасы Лукиан «Скиф және қонақ» атты еңбегінде. «Оның өлген кісіні тірілтетін балгерлігі туралы аңыз көп.

Гректердің Балгер әулие ретінде мінәжат етуінің өзі Тоқсарының асқан емші болғандығын толық дәлелдейді» дейді Т.Жұртбаев «Дулыға» атты еңбегінде.

Тарихтан бізге жеткен, Эллада еліне екінші болып аяқ басқан көшпенділер өкілі – Анақарыс данышпан. Анақарыс шамамен б.д.д. 620- 555 жылдары өмір сүрген. Геродот пен Страбон «жеті ғұламаның бірі» деп мойындаған Анақарыс туралы Диоген «кеменің зәкірі мен дөңгелекті ойлап тапқан – Анақарыс» деп мойындаса, Страбон өзінің әйгілі

«География» атты еңбегінде: «Эфор Анахарсисті данышпан деп атайды, ол өзінің шексіз адалдығымен, тазалығымен және ақылдылығымен жеті данышпанның бірі болды» дейді. Ол Анахарсис ұста көрігін, екі табаны бар зәкірді және құмыра жасауға арналған дөңгелек жозыны ойлап тапқан дегенді айтады» дейді.

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫН ЗЕРДЕЛЕУ,
САҚТАУ ЖӘНЕ КӨПШІЛІККЕ ТАРАТУ**

Тарих – араб-парсы сөзі, оның мағынасы - зерттеу, оқиғалар туралы әңгіме. Адамзаттың пайда болуы алғашқы қауымдық құрылысынан бастап қазіргі дәуірге дейінгі өмір сүруін, тіршілік жайын, оның өзгеруін, қоғамның дамуы, тоқырауы, өрлеу кезеңдерін жеке дәуірлерге бөліп (ертедегі дүние, орта ғасыр, жаңа заман тарихы, т.б.) зерттеуін айтады. Қазақстан тарихы Орталық Азия аумағын ежелден мекендеген қазақ халқының тарихын баяндайды.

Орталық Азия аумағындағы тарихи-мұраны алты мың жылғы даму шеңберінде алып қарасақ, олар төмендегідей кезеңдерге бөлінеді:

Бірінші кезең. Бүкіл Орталық Азия аумағын мал баққан ежелгі арийлердің сансыз көп тайпаларының игеруі. Қара теңіз бен Еділ өңіріндегі Срубная мәдениеті, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан аймақтарындағы Андронов мәдениеті және Алтайдан шығысқа қарай созылып жатқан Афанасьев мәдениеттері сол замандағы халықтың рухын бейнелейтін материалдық айғақтар болып табылады. Ол б.д.д. III-II мың жылдардағы заман.

Екінші кезең. Б.д.д. I мың жылдықта арийлер тарихы – Сақ, Савромат, Киммер патшалықтарымен ауысады.

Үшінші кезең – Б.д.д. I-ші мыңжылдықтың екінші жартысы мен біздің дәуіріміздегі шамамен V-ші ғасыр аралығында Арғы Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Кушан мемлекеттері орын алады. Ежелгі ведалық үштік үрдісі: Тәңірі- Аспан, Жер-Су, Ұмай-мәңгілік ана.

Төртінші кезең – Шамамен VI ғасыр мен XIII ғасырдың басы аралығында – түркілер-Ашина ақсүйек әулетінен тараған ұрпақтар орын алды. Осы үрдістер тоғысында тұңғыш Түркі қағанаты – Мәңгілік Ел бой көтерді. Бұл үшінші империя - Байкалдан Каспийге дейінгі аймақты қамтыды. Түркі ұлттық рухының осынау тегеуріні Күлтегін құлпытасында – өзінің табиғи жалғасын тапты. Сол замандағы оның рухани аспанында жарқырап көрінген үш жарық жұлдыз: Сыр бойында - әл-Фараби, Жетісуда - Жүсіп Баласағұн және Махмұд Қашғари. Әл- Фараби Орталық Азияда Гректің Платоны рөлін атқарды. Жүсіп Баласағұнның «Құтты Білігі» - Қазақстан мен Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардың бізге жеткен ең тұңғыш зайырлық шығармасы, Махмұд Қашқаридан қалған түркі тілдерінің «Диуани лұғат – ат – түрк» сөздігі –

XI ғасырдағы түркінің ең тұңғыш энциклопедиясы. XI ғасырда Түркістаннан тараған аса қуатты рухани сәулемен нұрланған Түркілердің тұңғыш сопысы – Қожа Ахмет Иассауи 1093 жылы туған. Ол негізін қалаған исламның тылсым құпиясы – сопылық (суфизм) нұсқасы Орталық Азияның барлық аумағына дейін тарады. Сөйтіп, Қожа Ахмет Иассауи Орталық Азияның барлық түркі халықтарына ұлттық ілім жүйесін ұсынды.

Бесінші кезең. XIII-XIV ғасырлар. Орталық Азияның тарихы Шыңғыс әулетінің көтерілуінен басталды. Бұл жойқын күш еді, Ұлық Ұлыс заманы орнады. Бұл кезеңнің басында атақты Майқы би дүниеге келді. Ел аузындағы аңызға қарағанда ол біздің тарихымыздағы билер институтының түп атасы. Бар қазақтың басын біріктіруге жұмылған Майқы би әйгілі қазақ шежіре-намасының негізін қалаушы болды.

Ел аузындағы аңыз бойынша халықтың санасына үш жүздің бас таңбаларын тасқа қашаған сол кісі екен дейді. Үйсіндердің нысаны – Ту, арғындардың нысаны – Көз, Алшындардың нысаны – Найза содан қалса керек. Бір ғажабы, қазақ халқының негізгі төрт Мұраты дәл сол тұста тұжырымдалыпты.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ НЫҒАЮЫ

Қазақ хандығының құрылуы және нығаюы (15-17 ғғ.) Қазақ хандығының пайда болуы Қазақстан жерінде 14-15 ғғ. болған әлеуметтік- экономикалық және этникалық- саяси процестерден туған заңды құбылыс. Өндіргіш күштердің дамуы, көшпелі ақсүйектердің экономикалық қуатының артуы, феодалдық топтардың тәуелсіздікке ұмтылуы, осы негізде Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан арасындағы тартыстың өршуі, әлеуметтік қайшылықтардың үдеуі 15 ғ. 2 жартысында бұл мемлекеттердің құлдырап ыдырауына апарып соқтырды.

Әсіресе Әбілхайыр (1428-1468) Жошы-Шайбан- Дәулет-Шайх оғланның ұлы хандығы өте нашар еді. Территориясы батысында Жайықтан бастап, шығысында Балқаш көліне дейін, оңтүстігінде Сырдың төменгі жағы мен Арал өңірінен, солтүстігінде Тобылдың орта ағысы мен Ертіске дейінгі жерді алып жатты. Бір орталыққа бағынған мемлекет болмады. Көптеген ұлыстарға бөлінді. Олардың басында Шыңғыс әулетінің әр тармақтағы ұрпақтары, көшпелі тайпалардың билеушілері тұрды. Әбілхайыр билік еткен кезде халық өзара қырқыс пен соғыстан шаршады. 30 жж. ол Тобыл бойында Шайбани ұрпағы Махмұт Қожаханды талқандады. Сыр бойындағы далада Жошы әулетінің Махмұтханы мен Ахметханын (Тоқа Темір тұқымы) жеңді. 1446 жылы Әбілхайыр Темір ұрпақтары мен Ақ Орда хандары ұрпақтарынан Сыр бойы мен Қаратау баурайындағы - Сығанақ, Созақ, Аққорған, Өзгент, Аркүк сияқты қалаларды басып алады. 1457 ж. Үз-Темір тайшы бастапан ойраттардан (жайылым жер іздеген) Түркістан өңірінде жеңіліп қалды. Масқара ауыр шарт жасасып, ойраттар Шу арқылы өз жерлеріне кетті. Ал Әбілхайыр өз ұлысында, қатал тәртіп шараларын орнатуға кіріседі. Бұл халық бұқарасының оған деген өшпенділігін күшейтті. Нәтижесінде халықтың жартысы Шығыс Дешті Қыпшақтан Түркістан алқаптарына және Қаратау бөктерлерінен Жетісудың батыс өңіріне көшіп барулары еді. Оны Жәнібек пен Керей басқарды.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОСАЯСИ, АУМАҚТЫҚ ТҮТАСТЫҒЫ

Қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде қыпшақ тіл тобына жатады. Бұл топтың ішінде қыпшақ-ноғай тармағына кіреді. Осы тіл тармағына қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері жатады. Қазақ тілі қазақ этносының негізімен бірге Қыпшақ конфедерациясы заманында қалыптасты.

Халықтың этностық, аумақтық, саяси жағынан біртұтас құрылымға айналуы үшін қажетті алғышарттың бірі — оның дербес мемлекеттілігінің болуы. Монғолдар жаулап алғаннан кейін Қазақстан аумағында пайда болған мемлекеттердің — әуелі монғол ұлыстарының, содан соң Ақ Орданың, Моғолстанның, Әбілхайыр хандығының, Ноғай ордасының құрылуы — қазақ мемлекеттілігінің, этностық аумағының қалыптасуына негіз болды. Сонымен қатар қазақ руларының аталған мемлекеттердің құрамында бөлшектенуі әрі қарай этностық топтасуына да кедергі болды. Қазақ рулары түрлі мемлекеттік құрылымдарға бөлініп кетсе де, бір тілде сөйледі. XIV—XV ғасырларда қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері қалыптаса бастады.

Қазақ халқының халық болып қалыптасуының аяқталуы XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың басында дербес Қазақ хандығының құрылып,

қалыптасуымен байланысты. Сонымен, халық болып қалыптасудың тағы бір шарты — өз мемлекеттілігінің болуы XV ғасырдың екінші жартысында іске асты.

Қазақ хандығында бұрынғы кезде басымырақ болып келген рулықтайпалық сана бірте-бірте әлсіреп, барған сайын қазақ ұғымындағы ортақ халықтық этностық санаға ұласты. Сөйтіп, қазақ жері, қазақ елі, қазақ мемлекеті деген ұғымдар қалыптасты.

Этнос теориясымен айналысушы ғалымдардың пікірінше, этностық бірлестіктің әр заманда қалыптасатын үш түрі болады:

1. Ру-тайпа.
2. Халық.
3. Ұлт.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс» деп, тарихты түсінуге деген жаңаша көзқарас қалыптастыру, оны зерделеуге деген мүлдем басқаша методологиялық ұстанымдар мен ғылыми әдістердің қажеттігіне назар аударды.

Сонымен қатар мәдениеттегі жетістіктеріміз, Қазақстан территориясында табылған тарихи жәдігерлеріміз Ұлы Даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік беретіндігін орынды атап өтеді. Ендеше ата-бабаларымыздың орасан зор мәдени жетістіктері мен игіліктері қазақ жерінде пайда болып, кейін осы өлкеден Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды.

Бұл жағдай біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегін осыған дейін айтылып келген кезеңнен тым әріде жатқанын көрсетіп, оған деген оң көзқарас қалыптастырары сөзсіз.

Ұлы Даланың жеті қыры мақаласы, ондағы жобалар мен көтерілген басты мәселе – тарихи сананы қалыптастыру, оның бұның алдында шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жалғасы. Сондықтан Елбасы Н.Ә.Назарбаев пайымдағанындай, «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы»